

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 қаңтарда № 18177 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/268 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11708 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2020 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2020 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және

коммуникациялар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2018 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 516 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 4-3/268 бұйрығымен

бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың (бұдан әрі – машиналар) кепілін мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге арналған өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметтерді алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) – жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпаратқа қол жеткізудің, машиналар кепілін тіркеуге электрондық нысанда өтініш жіберудің және тіркеуші органдардың және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де әрекеттерінің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

3) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) – тіркеуші органдар және (немесе) Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

4) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу (бұдан әрі – машиналардың кепілін тіркеу) – жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары бар өзге де шарттағы мәліметтерді енгізу жөніндегі жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың іс-қимылдары жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және тіркеуші органдардың және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де іс-қимылдарын білдіретін, тіркеуші органның және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

5) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу органдары (тіркеуші органдар) – мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүліктің жекелеген түрлерін және осы мүліктің кепілдерін тіркеуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар;

6) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік – тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация өтініш иесіне беретін, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

7) кепілді электрондық тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;

8) өтініш беруші – тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға кепілді тіркеу туралы өтініш беретін адам; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші де, кепіл ұстаушы да өтініш беруші бола алады.

9) тіркеуші орган – машиналардың кепілін тіркеуді, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген іс-қимылдарды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі.

2-тарау. Машиналардың кепілін тіркеу, тіркелген кепілдің өзгерістерін, толықтыруларын және оның қолданысын тоқтатуды тіркеу тәртібі

3. Машиналардың кепілін тіркеу, кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе куәліктің телнұсқасын алу үшін өтініш беруші тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасығыштағы немесе портал арқылы немесе бірыңғай тізілім арқылы берілетін электрондық түрдегі өтініш;

2) өтінішті қағаз тасығышта берген кезде:

жеке басын куәландыратын құжат, ал тұлғаның өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжат, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес кепілді тіркегені үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат;

3) өтінішті портал және (немесе) бірыңғай тізілім арқылы электрондық түрде берген кезде, мәміле тараптарының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған өтініш кепіл шарты туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарына сәйкес мәліметтерді көрсете отырып, кепіл туралы шарт немесе кепіл талаптарын қамтитын өзге де құжатты ұсынбай беріледі.

Машиналардың кепілін екінші деңгейдегі банктер арқылы электронды тіркеген кезде тіркеуші орган өтінішті (кепіл беруші мен кепіл ұстаушының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылған) алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушының және (немесе) бірыңғай тізілімнің ақпараттық жүйесіне электрондық құжат нысанында машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы тіркеуден бас тарту туралы уәжді жауапты жолдайды.

Тіркелген кепілдің өзгерістер мен толықтыруларын (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуын, талап ету құқығын басқаға беруді) және қолданысын тоқтатуды тіркеу өтініш берушінің тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға өтініш беруі немесе өтінішті бірыңғай тізілім арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрде жолдауы жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте машиналар кепілінің тізіліміне, оның ішінде бірыңғай тізілімге тиісті мәліметтерді енгізу жүргізіледі.

Өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесінде қойылған белгі растайды (өтініш берушіге қолма-қол не электрондық почта арқылы беріледі);

портал арқылы тапсырған кезде – өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

4. Машиналардың кепілін тіркеуге ұсынылатын құжаттар тиісінше ресімделген түрде қабылданады. Өшірілген, қосып жазылған, сызылған сөздері және басқа да келісілмеген түзетулері бар құжаттар қабылданбайды.

5. Машиналардың кепілін тіркеу оларды мемлекеттік тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады.

6. Өтінішті қағаз тасығышта немесе электрондық түрде берген күннен бастап машиналардың кепілін тіркеу, кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

7. Өтінішті қағаз түрінде берген кезде тіркеуші орган қажетті құжаттарды алған сәттен бастап:

1) өтініштің көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы белгі қойып оның қабылданғанын растайды;

2) өтініштегі деректерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналар кепілінің тізіліміне енгізеді;

3) өтініш берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік не уәжді бас тарту береді.

8. Өтінішті электрондық түрде берген кезде тіркеуші орган өтінішті алған сәттен бастап:

1) өтініште көрсетілген ақпаратты тексереді;

2) өтініштегі деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналар кепілінің тізіліміне енгізеді;

3) кепіл ұстаушының және бірыңғай тізілімнің ақпараттық жүйесіне электрондық құжат нысанында машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы тіркеуден бас тарту туралы уәжді жауапты жолдайды.

9. Машиналардың кепілін тіркеуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) кепілді тіркеу туралы өтініштің толық толтырылмауы;

2) кепілді тіркеу туралы өтініштің осы Қағидалардың 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) кепілді тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес адамның жүгінуі;

4) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжаттың болмауы.

Тіркеуден бас тартылған жағдайда тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өтініш қабылданған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанына сілтеме жасай отырып, өтініш берушіге жазбаша уәжді бас тартуды жолдайды.

10. Өтініш беруші машиналардың кепілін тіркеу бойынша жасалған іс-қимыл немесе одан уәжді бас тарту негізсіз деп санаған жағдайда, сондай-ақ белгіленген мерзімдер бұзылған кезде, жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

11. Машиналардың кепілін тіркеу туралы куәлік жойылған (жоғалған, бүлінген және өзге де) жағдайда орнына телнұсқа беріледі.

12. Тіркеуші орган телнұсқаны берген кезде машиналар кепілінің тізіліміне, оның ішінде бірыңғай тізілімге тиісті мәліметтерді енгізуді жүргізеді.

13. Кепіл шартының қолданысын тоқтатуды тіркеуді тіркеуші орган машиналар кепілінің тізіліміндегі, оның ішінде бірыңғай тізілімдегі кепіл туралы жазбаның күшін жою арқылы жүргізеді.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылығы,
мелиорациялық және жол-құрылыс
машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

тіркеуші органның атауы

№ _____ өтініш

Кепіл беруші _____

(жеке тұлғаның ЖСН-сы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері

(заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жері)

Кепіл ұстаушы _____

(жеке тұлғаның ЖСН-сы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері

)

(заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жері)

Мынаны: _____

(жылжымалы мүлік кепілі туралы шартты тіркеуді, кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе куәліктің телнұсқасын беруді)

(шарттың нөмірі, кепіл туралы шарттың немесе кепіл туралы талаптар қамтылған өзге шарттың жасалған күні мен орны)

(кепіл нысанасы болып табылатын мүліктің тізбесі және сипаттамасы немесе кепіл туралы шартта тараптардың келісімімен көзделген кепілмен қамтамасыз етудің нақты сипаттамасы талап етілместен, кепіл нысанасының жалпы сипаттамасы)

(кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы)

(кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолданылу мерзімі)

(кепілге салынған мүлік қай тарапта екені туралы нұсқау, оны пайдалануға болатыны және қайта кепілге салу туралы мәліметтер)

өтінемін. (өтініш берушінің электрондық почтасының (бар болса) мекенжайы)

Осы өтінішке қоса берілетін құжаттардың атауы:

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы және заңды тұлға үшін мөрі (бар болса)

Өтініш берілген күн: 20 жылғы _____

Өтініш қабылданған күн: 20 жылғы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын. Заңмен қорғаланатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы _____ Уақыты _____ сағат _____ минут

Тіркеушінің қолы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Өтінішті жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық түрде жіберген жағдайда "электронды үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, өтінішке жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат қоса берілуі тиіс.

Өтініш тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға берілген кезде өтініш беруші – жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – өзінің

өкілеттіліктерін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға міндетті.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждalған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылығы,
мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

_____ **органның атауы №** _____

— өтініш

Кепіл беруші _____

(жеке тұлғаның ЖСН-сы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері

_____ (заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жері)

Кепіл ұстаушы _____

— (жеке тұлғаның ЖСН-сы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері)

_____ (заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жері)

Мынаны: _____

(тіркелген кепілдің өзгерістер мен толықтыруларын (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуын, талап ету құқығын басқаға беруді) және қолданысын тоқтатуды тіркеуді)

_____ (бастапқы тіркелген кепілге нұсқама, кепіл туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулардың сипаттамасы (меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру және тағыда басқа), тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатудың негіздері)

(кепіл талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шартқа не кепіл бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шартқа (оның ішінде активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шартқа) қол қойылған күн)

(активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың негізінде өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу жағдайларын қоспағанда, тіркеуші орган немесе Мемлекеттік корпорация берген жылжымалы мүлік кепілінің тіркеу нөмірі)

(енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сипаттамасы және мәліметтері)

өтінемін.

Кепіл берушінің немесе оның өкілінің қолы _____

Кепіл ұстаушының немесе оның өкілінің қолы _____

*Кепіл шарттары бойынша құқықтар (талаптар) басқаға берілген кезде – жаңа кепіл ұстаушының ғана қолы, сондай-ақ құқықтарын (талаптарын) басқаға берген кепіл ұстаушының қолы қойылған келісім.

Өтініш берілген күн: 20 жылғы _____

Өтініш қабылданған күн: 20 жылғы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын. Заңмен қорғаланатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы _____ уақыты _____ сағат _____ минут

Тіркеушінің қолы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Өтінішті жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық түрде жіберген жағдайда "электронды үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, өтінішке жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат қоса берілуі тиіс.

Өтініш тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға берілген кезде өтініш беруші – жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – өзінің өкілеттіліктерін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға міндетті.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждalған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылығы,

мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ _____ парақ
№ _____ тіркеу ісі

Машиналар кепілінің тізілімі

Жазба №	Тізілім №	Кепіл нысанасы	Кепіл ұстаушы Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, туған күні мен жылы, заңды тұлғаның орналасқан жері және атауы	Кепіл беруші Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, туған күні мен, жылы заңды тұлғаның орналасқан жері және атауы	Кепіл сомасы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Шарттың колданылуы	Ауыртпалықтың пайда болуы		Ауыртпалықтың тоқтатылуы		Тіркеушінің ерекше белгілері
	Құжаттың атауы мен нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, және қолы	Күні және уақыты (сағаты мен минуты)	Құжаттың атауы мен нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы	Күні және уақыты (сағаты мен минуты)	
7	8	9	10	11	12

Тіркеу парағын жабу/жалғастыру туралы жазба

Жазбаларды жалғастыруды (жалғастыру кезінде) тоқтату үшін негіз	Көшірілген (жабу кезінде) немесе соңғы жазбалар (жалғастыру кезінде) тізбесі	Парақ нөмірі	Күні, уақыты (сағаты, минуты)	Тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы
13	14	15	16	17

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу

тіркеуші органның атауы Машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы
куәлік 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

кепіл ұстаушының немесе оның уәкілетті өкілінің деректемелері
_____ берілді

Жылжымалы мүлікке қатысты растау:

Мүлік түрі	Тізілімдік нөмірі	Кепіл нысанасының сипаты	Саны құрайды	Құны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

_____ кепілі тіркелген

Кепіл ұстаушы

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, ЖСН-сы)

_____ құқығы

(заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН-сы)

(кепіл нысанасының сипаттамасы)

_____ тіркелген _____ және

мынадай негізгі шарттарды қамтитын _____

(шарт жасалған күн)

кепіл туралы шарт негізінде туындаған:

(негізгі міндеттерді орындау көлемі, мерзімі және кепілдің басқа да шарттары)

Кепіл беруші _____

құқығы _____

құқық түрі _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, ЖСН-сы)

(заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН-сы расталды)

(атауы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі мен күні)

(кепіл нысанасына құқық белгілеу құжаты)

Тіркеуші _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2018 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 516 бұйрығына

2-қосымша

"Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2020 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.